

№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі бойынша

Бұйрық

Мәртөк с.

№ 93

28.04.2023 ж.

**Оқу жылын аяқтау және мектепте  
білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан  
өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі № 88, Ақтөбе облыстық білім басқармасының 2023 жылғы 18 сәуірдегі № 173 және Мәртөк аудандық білім бөлімінің « 2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы» 2023 жылғы 27 сәуірдегі №398 бұйрықтарына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын.
  2. 9 сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін.
  3. 11 сыныпта білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.
  4. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:  
**9 -сынып оқушылары үшін:**
    - 1) қазақ/орыс тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан – 2023 жылғы 2 маусым;
    - 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусым;
    - 3) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2023 жылғы 9 маусым;
  - 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2023 жылғы 13 маусым;
- 11 - сынып оқушылары үшін:**

- 1) қазақ тілі/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 5 маусым;
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 8 маусым;
- 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым;
- 4) орыс тілдерінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2023 жылғы 15 маусым;
- 5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2023 жылғы 19 маусым.

5. 2022-2023 оқу жылын аяқтау, қорытынды және мемлекеттік бітіру емтихандарын өткізу Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі № 88 бұйрығына және «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының талаптарына сәйкес ұйымдастырылсын.

6. Қорытынды және мемлекеттік емтихандар материалдарын электронды түрде қабылдау, өңдеу және қағаз бетіне шығару жұмыстарына техникалық қолдау көрсету, компьютерлік құралдармен қамтамасыз ету, интернет жүйесінің тұрақтылығын бақылауда ұстауға жауапты болып мектеп инженері Д. Жинебеков пен информатика пәнінің мұғалімі Н. Абилкасимов бекітілсін.

7. Мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасарлары А. Жаксыгарина мен Г. Есентаеваға:

- бұйрықта көрсетілген мерзімдерге сәйкес 2023 жылдың 5 мамырына дейін мектепшілік емтихан, оған дайындық кестелерін құрып, бекітуге ұсыну;
- ұлттық білім беру деректер қоры мен «Күнделік» жүйесінің уақытылы, сапалы толтырылуы, жылдық және қорытынды бағалардың уақытылы қойылуын қамтамасыз ету жүктелсін.

8. Мектеп директорының оқу тәрбие бойынша орынбасарлары Ж. Жакупова мен Қ. Зайнулловаға:

- оқу жылының аяқталуына байланысты өткізілетін «Соңғы қоңырау» мерекесіне дайындық жұмыстарын жүргізу, жоспарын құрып, бекітуге ұсыну;









- оқу жылының аяқталуына орай қандай да болмасын мақсатта ата-аналардан, оқушылар мен мұғалімдерден ақшалай қаражат жинауға тиым салу;
- 2023 жылдың 20-22 маусымы аралығында өткізілетін жалпы орта білім туралы аттестаттарды тапсыру шараларын міндетті түрде мектеп қабырғасында ұйымдастыру, ата-аналар мен оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу жүктелсін.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры  М.Ш.Жамаладинов



Бұйрықпен танысты:

 А.Ж.Жаксыгарина  
 Г. К.Есентаева  
 Ж.М.Жакупова  
 Қ.Ы.Зайнуллова  
 Д.С.Жиенбеков  
 Н.С.Абилкасимов